Помимо государственных инициатив, значительную роль в сохранении и популяризации казахской культуры играют независимые проекты, национальные бренды и творческие коллективы. В последние годы на рынке появились казахстанские fashion-бренды, сочетающие элементы национального костюма с современными трендами. Например, дизайнерские дома Kazakh Couture и Nomad's Spirit активно используют традиционные узоры и ткани, вдохновленные культурой кочевников. Эти бренды не только способствуют возрождению интереса к казахской этнике внутри страны, но и представляют национальную культуру на международных подиумах. Кроме того, казахстанские бренды, такие как «Rakhat», известны не только на местном, но и на международном уровне. «Rakhat» — лидер в кондитерской отрасли Казахстана, экспортирует продукцию в Россию и Кыргызстан, продолжая развивать свое присутствие на международных рынках благодаря высокому качеству и успешной маркетинговой стратегии.

Результаты и обсуждение

В условиях глобализации и цифровизации Казахстан сталкивается с рядом трудностей, угрожающих сохранению национальной идентичности. Несмотря на усилия государства и общественных организаций, влияние глобальных культурных процессов, языковая ассимиляция и коммерциализация традиций создают серьезные препятствия для поддержания культурного наследия.

Одной из ключевых проблем остается языковой вопрос. Хотя казахский язык официально признан государственным, русскоязычная среда продолжает доминировать в ряде сфер, особенно в городах. Кроме того, влияние глобального медиапространства, где преобладают западный и восточный контент, приводит к тому, что молодое поколение все чаще отдает предпочтение иностранным языкам, а национальная культура оказывается вытесненной. Государственные программы, направленные на популяризацию казахского языка и культуры, такие как бесплатные онлайн-курсы и цифровизация национального наследия, требуют не только расширения, но и адаптации к новым форматам потребления информации.

Особенно остро стоит вопрос эффективности этих инициатив. Все крупные проекты по продвижению казахской идентичности финансируются государством и транслируются преимущественно через национальные телеканалы и традиционные СМИ, которые не являются основными источниками информации для молодежи. В результате такие кампании, несмотря на значительные вложения, не находят широкого отклика и не распространяются органически в цифровой среде.

В рамках работы над данной темой автором статьи был проведён блиц-опрос среди молодых людей в возрасте 15–27 лет. Результаты опроса выявили, что 82 % респондентов интересуются казахской культурой, однако их знания остаются поверхностными. Это свидетельствует о необходимости не только

актуального, но и динамичного контента, который бы сочетал традиционные элементы с современными технологиями, делая национальную культуру более привлекательной и конкурентоспособной в цифровую эпоху.

Выводы

Коммерциализация культуры также представляет собой серьезную проблему. В стремлении сделать традиционные элементы более доступными и востребованными, часто происходит их упрощение и утрата глубинного смысла. Это особенно заметно в сфере ремесел, моды и гастрономии, где аутентичность иногда подменяется маркетинговыми стратегиями. Для сохранения подлинности важно поддерживать мастеров народных промыслов, стимулировать локальные бренды, работающие с традиционными мотивами, и вводить образовательные программы по изучению истории казахского искусства.

Цифровые технологии, с одной стороны, создают новые возможности для сохранения культуры, а с другой – могут способствовать ее размыванию. Социальные сети, видеоплатформы и онлайн-игры формируют глобальное информационное поле, где национальные нарративы часто остаются на периферии. Чтобы противостоять этому, необходимо активно развивать цифровой контент, отражающий национальную идентичность: создавать образовательные проекты, документальные фильмы, видеоблоги и интерактивные платформы, продвигающие казахскую культуру.

REFERENCES

Kabaziev M.Sh. (2022). “Formation of National Identity in the Republic of Kazakhstan: Features and Contradictions” // *Modern Europe*. — 2022.

Zhurasova A., Eseeva G. (2021). “Issues of National Identity in Kazakhstan” // — *Journal Świat Idei i Polityki*. — 2021.

Musaev Zh. (2021). “Digital Transformation of Kazakhstan’s Cultural Heritage” // — *Bulletin of KazNU*. — 2021.

Lebedeva N.M. (2018). “Globalization and Identity: Challenges of the 21st Century”. — Moscow: Aspect Press. — 2018.

Saveliev S.A. (2022). “Digitalization of Society and the Prospects of National Self-Consciousness” // — *Journal of Sociological Research*. — 2022.



INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES

ISSN 2708–2032 (print)

ISSN 2708–2040 (online)

УДК 070.1/504.03

PROMOTING THE SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS ON SOCIAL MEDIA: A CREATIVE APPROACH AND PERSONAL STORIES IN ENVIRONMENTAL REPORTING

A.A. Kaliyeva

International Information Technologies University, Almaty, Kazakhstan.

Scientific supervisor: G.A. Nurmukhanbetova

Kaliyeva Aruzhan Askhatkyzy — second-year student of international journalism at the International Information Technologies University.

Abstract. This scientific article analyzes the role of social media in promoting the Sustainable Development Goals (SDGs). It examines successful campaigns and discusses key challenges, such as competition with entertainment content, the spread of misinformation, and the effect of emotional burnout. Particular attention is given to balancing scientific accuracy with creativity in content presentation, which is a crucial aspect of effective environmental journalism.

Keywords: SDGs, social media, environmental journalism, environmental activism, eco-content

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ІЛГЕРІЛЕТУ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЖАРИЯЛАУДАҒЫ КРЕАТИВТІ ТӘСІЛ МЕН ЖЕКЕ ОҚИҒАЛАР

А.А. Калиева

Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі: Г.А. Нурмуханбетова

Калиева Аружан Асхатқызы — Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің халықаралық журналистикасының екінші курс студенті.

Аннотация. Бұл ғылыми мақалада әлеуметтік желілердің Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) ілгерілетудегі рөлі талданады. Сәтті ақпараттық кампаниялар қарастырылып, ойын-сауық контентімен бәсекелестік, жалған ақпараттың таралуы және эмоциялық күйзеліс әсері сияқты негізгі сын-қатерлер талқыланады. Материалды ұсынудағы ғылыми дәлдік пен креативтіліктің тепе-теңдігіне ерекше көңіл бөлінеді, бұл



экожурналистиканың тиімділігі үшін маңызды аспект болып табылады.

Түйін сөздер: ТДМ, әлеуметтік желілер, экожурналистика, экологиялық белсенділік, эко-контент

ПРОДВИЖЕНИЕ ЦЕЛЕЙ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ: КРЕАТИВНЫЙ ПОДХОД И ЛИЧНЫЕ ИСТОРИИ В ОСВЕЩЕНИИ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ

А.А. Калиева

Международный университет информационных технологий, Алматы,
Казахстан

Научный руководитель: Г.А. Нурмуханбетова

Калиева Аружан Асхаткызы — студентка второго курса международной журналистики Международного университета информационных технологий.

Аннотация. Данная статья посвящена анализу роли социальных сетей в продвижении целей устойчивого развития (ЦУР). Рассматриваются успешные кампании, а также обсуждаются ключевые вызовы, такие как конкуренция с развлекательным контентом, распространение дезинформации и эффект эмоционального выгорания. Особое внимание уделяется балансу между научной достоверностью и креативностью в подаче материала, что является важным аспектом эффективной экожурналистики.

Ключевые слова: ЦУР, социальные сети, экожурналистика, экологический активизм, эко-контент

Введение

В XXI веке проблема устойчивого развития вышла за пределы научных дискуссий и стала одной из ключевых тем глобальной повестки. Принятая ООН в 2015 году программа «Цели устойчивого развития» (ЦУР) определяет 17 направлений, нацеленных на борьбу с бедностью, неравенством, климатическими изменениями и другими вызовами современности. Однако формулировка целей — лишь первый шаг. Гораздо сложнее сделать так, чтобы эти идеи действительно проникли в общественное сознание, побуждая людей к действию. В этом процессе социальные сети играют решающую роль, становясь не только источником информации, но и пространством для дискуссий, мобилизации активистов и формирования новых экологических норм.

Основная часть

Социальные сети выступают мощным средством продвижения ЦУР, формируя взгляды и позиции общества. Популярные платформы, такие как Facebook, Instagram и Twitter, имеют миллиарды активных пользователей, что позволяет охватить широкую аудиторию. TikTok, например, стал одной из



ключевых площадок для экологического активизма: хэштег #climatechange набрал более 3,5 миллиарда просмотров. Экологический контент, распространенный через соцсети, способен влиять на поведение людей, повышая осведомленность о проблемах экологии и мотивируя к изменению привычек. Разнообразие форматов контента делает информацию доступной и привлекательной. Текстовые посты и лонгриды позволяют глубже анализировать проблемы, а короткие видео как Reels мгновенно привлекают внимание. Сторис в Instagram и Facebook удобны для оперативного распространения новостей, а подкасты обеспечивают глубокое погружение в тему. Инфографика, в свою очередь, делает сложные данные понятными: исследования показывают, что визуальная информация воспринимается на 60 % быстрее, чем текстовая.

Примеры успешных экологических кампаний подтверждают эффективность соцсетей в продвижении ЦУР. Так, в 2019 году челлендж #TrashTag привлек тысячи участников по всему миру, побудив их убирать мусор в загрязненных местах и делиться результатами в соцсетях. Движение Fridays for Future, инициированное Гретой Тунберг, мобилизовало миллионы людей на климатические забастовки, используя социальные сети как основное средство коммуникации. В 2020 году кампания #PlasticFreeJuly собрала более 250 миллионов участников, мотивируя их отказаться от одноразового пластика и делиться своими достижениями в соцсетях.

Креативные способы освещения экологических проблем помогают привлечь внимание и удержать интерес аудитории. Использование мемов и челленджей делает экологическую повестку ближе молодежи, помогая разрушить стереотип о том, что экология — скучная тема. Интерактивные опросы и квизы не только вовлекают аудиторию, но и способствуют лучшему запоминанию информации: исследования показывают, что пользователи на 40 % эффективнее усваивают знания в игровой форме. Геймификация и сторителлинг повышают эмоциональную вовлеченность. Например, документальный фильм *Seaspiracy* на Netflix вызвал массовый общественный резонанс, заставив зрителей пересмотреть свое отношение к рыбной промышленности. Визуальный контент, такой как инфографика, карикатуры и анимация, увеличивает шансы на распространение экологических сообщений. Инфографика делает данные понятными и наглядными, а анимация удерживает внимание зрителей дольше, чем статичные изображения. Кампания WWF #StopPlasticPollution активно использовала анимационные ролики, чтобы показать влияние пластикового загрязнения на морскую фауну, что привлекло внимание миллионов пользователей.

Личностный подход в экологической журналистике играет ключевую роль в изменении восприятия экологических проблем. Истории отдельных людей оказывают более сильное эмоциональное воздействие, чем сухая статистика. По данным исследований, пользователи в 22 раза чаще делятся контентом, содержащим личные истории, чем обычными новостными публикациями.

Личные блоги и мини-документалки становятся эффективным инструментом в борьбе за экологию. Например, канал NowThis Earth собирает миллионы просмотров, рассказывая о климатических изменениях через призму реальных историй. Интервью с экоактивистами и рассказы о собственных экологических привычках позволяют сформировать доверие к теме и вдохновляют аудиторию на реальные действия. Примером может служить блогер Лорен Сингер, которая популяризировала концепцию zero waste, демонстрируя свою жизнь без отходов и тем самым мотивируя людей к осознанному потреблению.

Результаты и обсуждение

Однако продвижение ЦУР в соцсетях сталкивается с рядом проблем. Одной из ключевых трудностей является конкуренция экологических инициатив с развлекательным контентом. По данным исследования DataReportal (2023), пользователи социальных сетей в среднем проводят 2 часа 31 минуту в день в цифровом пространстве, причем 60 % этого времени отводится на просмотр развлекательных материалов. Платформы алгоритмически продвигают контент, вызывающий эмоциональную реакцию, что ставит экологическую повестку в невыгодное положение по сравнению с вирусными видео, мемами и короткими клипами. Исследование Global Web Index (2022) показывает, что только 28 % пользователей социальных сетей целенаправленно ищут информацию об экологии, тогда как 72 % потребляют ее случайно, если она представлена в интересном формате. Это заставляет экожурналистов и активистов адаптировать подачу материала, балансируя между научной достоверностью и доступностью для широкой аудитории.

Еще одной значительной проблемой является распространение дезинформации и манипулятивных практик зеленого камуфляжа (greenwashing). Согласно исследованию Европейской комиссии (2021), 42 % маркетинговых заявлений, касающихся экологичности продукции, являются ложными или вводящими в заблуждение. Компании активно используют тактику преувеличения своего вклада в устойчивое развитие, не имея реальных доказательств, что подрывает доверие общества к экологическим инициативам. Так, в 2020 году расследование Greenpeace выявило, что несколько крупных корпораций, заявлявших о переходе на экологичную упаковку, на самом деле продолжали использовать пластик, который не подлежал переработке. Подобные случаи формируют скептицизм среди пользователей, снижают вовлеченность и усложняют работу экологических активистов, вынужденных не только продвигать повестку, но и опровергать недостоверную информацию.

Баланс между эмоциональной вовлеченностью и научной достоверностью информации является критически важным аспектом успешного продвижения экологической тематики. Чрезмерная эмоционализация, основанная на шок-контенте или катастрофических прогнозах, может вызывать эффект эмоционального выгорания у аудитории, снижая ее готовность к активным действиям. Согласно исследованию Climate Outreach (2022), публикации, содержащие только



пугающие прогнозы без конкретных решений, вызывают у 64 % пользователей ощущение беспомощности, что приводит к отказу от взаимодействия с темой. В то же время сухая статистика без личностного компонента не вызывает эмоционального отклика и остается незамеченной. А Nielsen Norman Group (2021) выяснили, что посты, содержащие личные истории, визуальный контент и элементы интерактива, в среднем получают на 22 % больше вовлеченности по сравнению с публикациями, содержащими только аналитическую информацию.

Таким образом, продвижение ЦУР в социальных сетях требует адаптации стратегий коммуникации. Эффективность зависит от способности экологических журналистов и активистов находить баланс между научной обоснованностью и креативными форматами подачи, противостоять дезинформации и адаптироваться к изменяющимся алгоритмам цифровых платформ.

Заключение

Социальные сети открывают новые горизонты для продвижения целей устойчивого развития, делая экологическую повестку ближе к каждому. Однако эффективность этого инструмента зависит от того, как именно подается информация. Современная аудитория требует не только фактов, но и вовлечения, а значит, креативные методы и личные истории становятся незаменимыми элементами успешного эко-контента.

Чтобы экологические темы действительно находили отклик, важно учитывать две ключевые вещи: достоверность и эмоциональную связь. Научно обоснованные данные, подкрепленные реальными примерами, формируют доверие, а сторителлинг и визуальные форматы делают сложные проблемы понятными и близкими. В этом заключается сила соцсетей — они позволяют каждому не только узнавать, но и действовать.

Настоящие изменения начинаются с индивидуальных шагов. Распространение проверенной информации, участие в экологических инициативах, поддержка активистов — все это формирует цифровое пространство, в котором устойчивое развитие становится не просто трендом, а необходимостью. В эпоху социальных медиа каждый лайк и репост — это возможность повлиять на будущее, и от того, как мы используем эти возможности, зависит, какой мир мы оставим следующим поколениям.

REFERENCES

- United Nations Volunteers Programme. “United Nations Volunteers Programme.” // Wikipedia. — 2022.
 Social Media Marketing. “Social Media Marketing.” // Wikipedia. — 2025.
 Transforming Our World: The 2030 Agenda for Sustainable Development. // UN. — 2015.
 Greenwashing – A Deceptive Tactic Hidden Behind Claims of Environmental Safety. // UN.
 Goal 17: Strengthening the Means of Implementation and Revitalizing the Global Partnership for Sustainable Development. // UN.



OVERVIEW OF THE MOST COMMON VULNERABILITIES IN WORDPRESS PLUGINS

D.B. Kanat

Scientific supervisors: A.S. Bayegizova

Dastan B. Kanat — master's student in "Information Security Systems", L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Abstract. This article discusses current security vulnerabilities in WordPress plugins, such as SQL injection, cross-site scripting (XSS), cross-site query forgery (CSRF), remote code execution (RCE), access rights, and file upload vulnerabilities. Reports from leading specialized companies in the field of cybersecurity, as well as statistics on discovered vulnerabilities over the past five years, are analyzed from WPScan and CVE databases. The main guidelines for WordPress plugins and recommendations for improving the security of plugins for developers and site administrators will be given. This article gives readers a unique perspective on today's problems and methods of protecting WordPress plugins.

Keywords: WordPress, plugins, security, vulnerabilities, SQL injection, XSS, CSRF, RCE, access rights, file, WPScan, CVE

WORDPRESS ПЛАГИНДЕРІНДЕГІ ЕҢ КӨП ТАРАЛҒАН ОСАЛДЫҚТАРҒА ШОЛУ

Д.Б. Қанат

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші: А.С. Баегизова

Қанат Дастан Бақытжанұлы — «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Аннотация. Бұл мақалада WordPress плагиндеріндегі қауіпсіздіктің қазіргі таңдағы өзекті SQL инъекциясы, сайтаралық сценарий (XSS), сайтаралық сұраныстарды қолдан жасау (CSRF), кодты қашықтықтан орындау (RCE), қол жеткізу құқықтары мен файлдарды жүктеуге байланысты осалдықтар қарастырылады. Киберқауіпсіздік саласындағы жетекші мамандандырылған компаниялардың есептері, сонымен қатар, WPScan, CVE дерекқорларынан



соңғы бес жылдағы кездесетін осалдықтар статистикасы талданады. WordPress плагиндерінің негізгі бағдарлары және әзірлеуші мен сайт әкімшілері үшін плагиндердің қауіпсіздік дәрежесін арттыру бойынша ұсыныстар беріледі. Бұл мақала оқырмандарға WordPress плагиндеріндегі бүгінгі қиындықтар мен қорғаныс тәжірибесіне бірегей көзқарас береді.

Түйін сөздер: WordPress, плагиндер, қауіпсіздік, осалдықтар, SQL-инъекция, XSS, CSRF, RCE, қол жеткізу құқығы, файл, WPScan, CVE

ОБЗОР НАИБОЛЕЕ РАСПРОСТРАНЕННЫХ УЯЗВИМОСТЕЙ В ПЛАГИНАХ WORDPRESS

Д.Б. Қанат

Научный руководитель: А.С. Баегизова

Қанат Дастан Бақытжанұлы — магистрант специальности «Системы информационной безопасности», Евразийский Национальный Университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Аннотация. В этой статье рассматриваются актуальные на сегодняшний день уязвимости безопасности в плагинах WordPress, такие как SQL-инъекция, межсайтовый скриптинг (XSS), подделка межсайтовых запросов (CSRF), удаленное выполнение кода (RCE), права доступа и уязвимости, связанные с загрузкой файлов. Отчеты ведущих специализированных компаний в области кибербезопасности, а также статистика обнаруженных уязвимостей за последние пять лет анализируются из баз данных WPScan, CVE. Будут даны Основные ориентиры для плагинов WordPress и рекомендации по повышению степени безопасности плагинов для разработчиков и администраторов сайтов. Эта статья дает читателям уникальный взгляд на сегодняшние проблемы и методы защиты плагинов WordPress.

Ключевые слова: WordPress, плагины, безопасность, уязвимости, SQL-инъекция, XSS, CSRF, RCE, права доступа, файл, WPScan, CVE

Кіріспе

WordPress бұл қазіргі таңдағы барлық веб-сайттардың 40 %-ынан астамын қамтамасыз ететін әлемдегі ең танымал мазмұнды басқару жүйесі (CMS) болып танылады (Woldfence Threat Intelligence Reports, 2025). WordPress сайттарына сұраныстың танымалдылығы – олардың плагиндерінің жеңіл басқарылуы мен мүмкіндіктерінің көп болуында. Сондықтан да қауіпсіздіктің негізгі басым күші осы плагиндермен байланысты. Плагиндер тәуелсіз бағдарламаушылардың көмегімен жасалғандықтан, икемділік пен жылдамдықты қауіпсіздіктен басым қояды. Соның есебінде мыңдаған сайттар плагиндердегі осалдықтар арқылы шабуылшылардың жемтігіне айналады. Сондықтан да WordPress плагиндеріндегі қауіпсіздіктердің алдын алу арқылы, біз өзіміздің дербестігімізді сақтаймыз.

WordPress плагиндерінің негіздері

WordPress 2025 жылғы ақпарат бойынша барлық ғаламтор желісінде 40 % - дан астам қолданылатын ең танымал сайт құру платформасы болып танылады (Кесте 1).

CMS	Нарық үлесі	Қолдану саласы
WordPress	43.2 %	Ең танымал CMS, әмбабап платформа
Shopify	4.1 %	Шағын және орта бизнес
Wix	2.6 %	Жаңадан бастаушы мамандар үшін ыңғайлы
Joomla	1.7 %	Алғашқы сайт құру кезінен танымал болған, ескі платформа
Drupal	1.2 %	Құрылымы күрделі сайттар үшін қолайлы
Bitrix	0.4 %	Корпоративтік шешімдер үшін тиімді
Басқалары	43 %	Арнайы жүйелер

*Кесте 1 – WordPress және басқа CMS-тердің нарықтағы үлесі (2025 жыл)
(WPScan Vulnerability Database, 2025).*

WordPress плагиндері көпқырлы және әмбабап. 2025 жыл бойынша WordPress.org, CVE Details, Wordfence ресми талдау бойынша WordPress платформасында 60 мыңнан астам плагиндер бар. Егер де ақылы топтағы плагиндердің мүмкіншілігі ескеретін болсақ бұл көрсеткіш арта түседі. Плагиндер арқылы сайт жүйесіне көптеген функцияларды қосуға болады. Міне, осы себепті плагиндерде осалдықтар жиі кездеседі. Оның үстіне сайт әкімшілері пайда болған осалдықтарды жою бойынша жаңартуларды дер кезінде жүргізбейді. Бұл да плагиндердің көп шабуылға ұшырауының себебі болып табылады. Ендігі кезекте WordPress плагинде жиі кездесетін танымал осалдықтарға шолу жасаймын.

WordPress плагиндеріндегі танымал осалдықтарға SQL-инъекция, XSS, CSRF, RCE, қол жеткізу құқығы осалдығы және файл жүктеу осалдығы жатады. SQL-инъекциясы – керіс байланыс жолдары, іздеу және URL параметрлері сияқты өрістерді пайдалана отырып, дерекқорға зиянды SQL кодын енгізу (OWASP, 2025). WordPress плагиндері деректер қорларларымен өте жиі байланысады. Олар қолданушылар туралы ақпарат, баптаулар тағы да басқа көрсеткіштерді қамтиды. SQL инъекциясы WordPress плагиндері үшін ең қауіпті осалдық болып табылады. Мысалы, 2023 жылы танымал «Event Manager» плагинінде SQL-инъекциясы табылды (Аналитика по веб безопасности и отчеты по инцидентам, 2025). Шабуылдаушы осалдық арқылы сайттың толық мәліметтер жинағы мен қолданушы, әкімшілердің құпиясөздерін алуға мүмкіндік алды.

SQL-инъекциясының пайда болу себептері:

- сұраныстардың орындалмас бұрын, сайт баптауларының дайын болмауы;
- уақыты өткен PHP функцияларын (wpdb -> prepare орнына mysql_



query) қолданылуы;

- жаһандық (\$_GET, \$_POST) айнымалыларына сүзгісіз тікелей сұраныс берілу мүмкіндігі.

SQL-инъекциясын қолдана отырып, шабуылшы деректер қорына толыққанды өзгерту енгізуге, оны өшіруге, пайдаланушының жеке мәліметтеріне ие бола алады.

Сайтаралық скриптинг (XSS) - сайт пайдаланушылардың зиянды JavaScript кодын браузерге енгізуге және орындауға мүмкіндік береді (OWASP, 2025). Бұл негізінде түсініктемелер, байланыс жолақтары немесе плагиндерді өңдейтін динамикалық мазмұн арқылы жүзеге асады. XSS осалдығын пайдалана отырып, шабуылшы сайт әкімшілерінің атынан кіруге, сайт құрылымына зиянды бағдарламаларды енгізуге, пайдаланушылардың деректеріне иеленуге мүмкіндік береді. Мысалы, 2024 жылы кері байланыс құру плагинінде XSS осалдығы табылды. Шабуылдаушылар зиянды әрекетін әкімшінің жолағында орындату арқылы, сайтты басқару мүмкіндігіне ие болды (Аналитика по веб безопасности и отчеты по инцидентам, 2025). WP Statistics, Contact Form плагиндері жиі XSS шабуылдарына осалдық танытады. Қазіргі таңда WPScan дерек қорында аталған плагиндердің көмегімен бірнеше сайттар XSS шабуылдарына осал болып келеді.

XSS осалдығының пайда болу себептері:

- esc_html() және esc_attr() функциясын қолданбай реттелетін мазмұнды шығару;

- мазмұн қауіпсіздігі саясатының болмауы;

- деректерді енгізу жолағының толық аяқталмауы.

Плагин әзірлеушілері жиі сүзгіден өткізіп, зарарсыздандыруды және пайдаланушы енгізуінен қашуды ұмытады. Нәтижесінде, шабуылдаушы өрістердің мазмұнын ауыстыра алады немесе бет ашылған сайын ол жүктелетін сайттың дерекқорына тікелей сценарий енгізе алады.

Сайтаралық сұраныстарды қолдан жасау (CSRF)

Шабуылдаушы тіркелген пайдаланушыны сайтта тиімсіз әрекетті, атап айтқанда, баптауларды өзгерту, мазмұнды жою, жаңа пайдаланушыны құру болмаса бар қолданушының мүмкіндігін арттыруға және басқа да пәрмендерді орындауға итермелейді (OWASP, 2025). Бұл шабуылдың ерекше түрінің бірі – жоғарыда айтылған әрекеттерді қолданушының хабарынсыз болуы. WPScan, CVE дерекқорында CSRF осалдығына тән плагиндер берілген. Мысалы, Simple Membership, Yoast SEO сияқты танымал плагиндер сайт әкімшісіне жіберілген сілтемеге өтсе, кез келген қолданушының құқық деңгейін әкімшіге дейін көтеруге болады. Осы плагиндегі осалдықты шабуылдаушылар 2023 жылы сайт әкімшісіне плагин баптаулары қамтылған фишингтік хабарламалар жібереді (Аналитика по веб безопасности и отчеты по инцидентам, 2025). Сайт әкімшісінің кез келген жіберілген фишингтік сілтемеге өтуі – сайт жүйесіндегі барлық қолданушыға автоматты түрде әкімші деңгейін береді. Сол арқылы шабуылдаушы сайт мазмұнына кез келген ақпаратты жүктеп, орната алады.

CSRF осалдығының пайда болу себептері:

- плагиндердің басым көпшілігі `check_admin_referer()` немесе `wp_verify_nonce()` функцияларын қолданбауы;
- дерекқорды өңдеу кезінде қолданушы мен әкімшінің бір сарынды құрылысты қолдануы;
- сұраныс дереккөзінің тек қана `$_SERVER['HTTP_REFERER']` жадысында тексерілуі.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді ескеретін болсақ, біз CSRF осалдығының алдын аламыз. Ол үшін сайт қолданушыларына берілетін құқық әкімші қолданушыларына берілетін құқықтан төмен болу керек. Плагиндер уақытылы жаңартылып, осалдықтардың алдын-алу іс-әрекеті күнделікті, дер кезінде орындалып отыру қажет. Сайт әкімшілері плагиндерді тек қана тексерілген дереккөздерге сүйеніп, оларды орнатар кезде, қауіпсіздік талаптарына сәйкес, бөгде, қауіпті сұраныстарды алдын алу іс-шаралары жүзеге асырылуы қажет. Сайт әкімшісі құқығымен жұмыс орындағанда, бөгде, қауіпті сілтемелерге өтпеу қажет. Бұл осалдықтың алдын алу арқылы, сайт құрастырушылары плагиндердің қауіпсіздігін сақтай алады.

Қашықтықтан кодты орындау (RCE) – шабуылдаушыға серверде еркін кодты қашықтықтан орындауға мүмкіндік беретін ең қауіпті осалдықтардың бірі (OWASP, 2025). WordPress сайттарында RCE осалдығы плагиндер немесе тақырыптар арқылы WordPress сайтына зиянды PHP кодын жүктеп, оны орындау арқылы сайт орнатылған серверге қол жеткізе алады. Жалпы WordPress платформасы плагиндері құжаттарды жүктеуге, өңдеуге тиімді екенін ескерсек, RCE осалдығының мүмкін болу қаупі жоғары. Себебі, сайт бағдарламаушылары плагиндерге жүктелетін құжаттардың зияндылығын тексеретін қауіпсіздіктің алдын алмаса, бұл шабуылдаушыларға сайт серверіне қол жеткізу мүмкіндігін арттырады. Мысалы, 2020 жылы шабуылдаушылар WP File Manager плагині арқылы RCE осалдығын жүзеге асырды. Бұл осалдық PHP файлды тексеріссіз сайтқа жүктеу арқылы жүзеге асты жібереді (Аналитика по веб безопасности и отчеты по инцидентам, 2025). Шабуылдаушылар PHP файлдарды жүктей отыра, сайтқа толық басқару ала білді. Осы арқылы мындаған сайттар осалдықпен қол жетімді болып, зиянкестер өз пайдасына қолдана білді. RCE осалдығы арқылы серверге толық басқару алуға, WordPress сайттарына жаңа қолданушылар қосуға, кейінде осалдықты жүзеге асыруға мүмкіндік болатын жағдай жасауға, дерекқор мен барлық сайттағы құжаттарды қарауға, өңдеуге, өшіруге, осалдық анықталған сайттарды басқа (DDoS, жаппай тарату) мақсатта қолдануға мүмкіндік береді. WPScan дерекқорына жүгінсек, жыл сайын RCE осалдығы өзінің өзектілігін жоғалтпады. 2020 жылы 29, 2021 жылы 34, 2022 жылы 22, 2023 жылы 19 және 2024 жылы 24 RCE осалдығы анықталды (Статистика использования, 2025).

RCE осалдығының пайда болу себептері:

- шабуылдаушылардың плагиндерге құжаттарды тексеріссіз жүктей алуы;



–құжаттарды бірден /wp-content/uploads/ жолы бойынша жүктеп, оны тікелей іске асыра алуы;

–eval(), exec(), system() қауіпті функцияларын қолдану;

–басқа да осалдықтармен (RCE, CSRF) байланысты болуы.

Көрсетілген кемшіліктерді болдырмау арқылы біз RCE осалдығының алдын-алу мүмкіндігіне ие боламыз. Ол үшін сайт әкімшілері жүктелетін құжаттардың мазмұны мен кеңейтілімдерін тексеріп, құжаттардың барлығын бәрінің қолы жетпейтін тыс жерде сақтау қажет. Плагиндерде файлдарды жүктеу кезінде move_uploaded_file() функциясының орнына wp_handle_upload() қолдану қажет. Барлық қолданушылар үшін жүктелген файлдарды орындауға жол бермеу үшін .htaccess функциясын қолданамыз. Плагиндердің барлығын қауіпсіздік жаңартулары шыққан кезден бірден орнату, ескірген плагиндерді қолданудан бас тарту, зиянды файлдарды жүзеге асыруды шектейтін жүйені орнату, сондай-ақ плагиндерді жиі тексеру арқылы күнделікті қауіпті файлдарды жою арқылы біз сайтымыздың дербестігін қамтамасыз етіп, RCE осалдығының алдын аламыз.

Қол жеткізу құқығы осалдығы (Privilege Escalation) – шабуылдаушы WordPress жүйесінде өз құқығын арттыра алатын осалдық түрі. Қарапайым айтатын болсақ, кез келген жазылушы немесе автор өзінің құқығын әкімшілік өкілеттік деңгейіне дейін жеткізе алады (OWASP, 2025). WordPress жүйесінде бұл осал плагиндер арқылы жүзеге асады. WordPress сайтында жазылушы, автор, өңдеуші, әкімші рөлдер бар. Жазылушы тек мәліметтерді қарауға, автор жазбаларды жариялауға немесе өңдеуге құқылы, өңдеуші жарияланған жазбаларды тексеруге, әкімшінің сайтқа толық иелік ете алатын өкілеттігі бар. Сайт бағдарламаушылары сайтты құру кезінде өкілеттік құқық мәселесін кейінге қалдырып, тексерістен тыс қалдырады. Бұл өз кезегінде плагиндерде осалдықтарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы, Elementor плагинінде 2023 жылы шабуылдаушылар жазба авторлары атынан плагинге файлдарды жүктеу арқылы кодты жүзеге асыра отырып, әкімші құқығына ие болады (Аналитика по веб безопасности и отчеты по инцидентам, 2025). Осы арқылы шабуылдаушылар сайтқа толық құқық алды. Бұл осалдық әкімшінің атынан орындалатын функцияны жазба авторы орындау арқылы жүзеге асты.

Қол жеткізу құқығы осалдығының пайда болу себептері:

–плагиндер current_user_can() функциясының орнына тек жүйеге тіркелу реттілігін қарастыруы;

–барлық тіркелген қолданушылар мүмкін болмайтын функцияларды орындауға мүмкіндік алуы;

–қолданушы құқығының дұрыс тексерілмеуі;

–бір функцияның екі бірдей (жазба авторы, әкімші) рөлін орындай алуы.

Жоғарыда көрсетілген себептерді жою арқылы, біз WordPress платформасын қол жеткізу құқығы осалдығына қарсы төтеп бере аламыз. Барлық қолданушыларды өз рөлдерінен тыс функцияларды орындауға мүмкіндік

бермеу, тексерілген, күнделікті жаңартуларды талап ететін плагиндерді қолдану, әкімшінің атынан орындалатын іс-әрекеттерді шектеу арқылы біз осалдықты болдырмауға мүмкіндік аламыз. Сондай-ақ, жүйедегі іс-әрекетті бақылайтын құралдарды орнатып, күнделікті тексеру жұмыстарын жүргізу қажет. Қол жеткізу құқығы осалдығынан қорғау кез-келген кодты, өңдейтін баптауларды, сайт деректерін жасау кезінде құқықтарды нақты ажыратуды және қауіпсіздікке мұқият қарауды талап етеді.

Жалпы бүгінгі мақалада WordPress плагиндерінде мүмкін болатын осалдықтар мен олардың алдын алу мүмкіндіктерін зерттедім. WPScan дерекқорының соңғы 5 жылдағы осалдықтар статистикасы бойынша осы мақалада көрсетілген осалдықтар көш бастап тұр (Кесте 2).

Осалдық түрі	Үлесі
XSS (Cross-Site Scripting)	35 %
SQL- инъекциясы	20 %
CSRF (Cross-Site Request Forgery)	15 %
File Upload	15 %
Privilege Escalation	15 %

Кесте 2 – WordPress осалдықтар статистикасы (2020–2025 ж.) [5].

Жалпы мақалада айтылған осалдықтар бойынша сайт бағдарламаушылары мен әкімшілеріне нұсқамалар дайындалды. Сайт бағдарламаушылары мен әкімшілер осалдықтың алдын алатын негізгі тұлғалар. Сайт бағдарламаушылары плагиндердің жаңартылуы мен ресми дереккөздерден жүктелетінін қамтамасыз етіп, орындалатын функциялар мен олардың құқықтарын шектеу қою арқылы осалдықтарды азайтуға мүмкіндік алады. Сайт әкімшілері өз кезегінде бөгде сілтемелерден сақтанып, фишингтік шабуылдарға барынша төтеп берсе, сондай-ақ, сайттағы белсенділік деңгейін қадағалау арқылы өз кезегінде қауіпсіздіктердің алдын алады. Сондықтан, аталған тұлғалар сайт қауіпсіздігінде маңызды рөл атқарады.

Сайт бағдарламаушыларына нұсқама:

- барлық плагиндер мен функциялар үшін wpdb prepare() функциясын қолдану;
- ішкі деректерді әрдайым тексеру;
- барлық іс-әрекеттер үшін nonce-токендерін қолдану, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- күнделікті код тексерісін жүргізу;

- PHP – дегі қауіпті функциялардың іс-әрекетін шектеу;

Сайт әкімшілеріне нұсқама:

- плагиндердің санын шектеу;

- жаңа плагиндер шыққан кезде, оны дер кезінде жаңартып, ескі плагиндердің жұмыс істеуін тоқтату;



–қауіпсіздік сканерлерін және жүйедегі барлық іс-әрекетті тексеретін құралдарды қолдану;

–белсенділік кестесін құрып, оны дербес түрде тексеру.

Қорытынды

WordPress плагиніндегі заманауи осалдықтарға шолу жасалған мақалада плагиндер өз кезегінде сайттың негізгі артықшылықтарының бірі болса, сондай-ақ сайт құрылымындағы ең осал буыны екені анықталды. Қазіргі таңда жетекші аналитикалық WPScan, CVE платформаларының жүргізген сараптамаларының нәтижесінде жасалған барлық сәтті шабуылдардың 60 %-дан астамы плагиндердің үлесі (Woldfence Threat Intelligence Reports, 2025), сондықтан бұл мәселе киберқауіпсіздік сала мамандары, сайт әкімшілері мен зерттеушілері, бағдарламаушылары үшін өзекті мәселе. Шолу нәтижесінде ең маңызды деп саналатын 5 осалдық қарастырылып, олардың пайда болу себептері мен алдын алу іс-шаралары, сондай-ақ өмірде сәтті жүзеге асырылған шабуылдар көмегімен осалдықтардың қауіптілігін көрсеттік. Соңғы бес жылдағы WPScan дереккөрынан талдау осалдықтардың таралуы іс жүзінде өзгеріссіз қалуын статистика ретінде талдадық. Сайт жүйесін қорғауда кешенді тәсілдің маңыздылығын атап көрсетіп, сайт бағдарламаушылары мен сайт әкімшілеріне нұсқама жасалды. Бұл шолудың нәтижелері сайт бағдарламаушыларына қауіпсіз тәжірибені дамыту үшін, сайт әкімшілеріне тұрақты мониторинг жүйесін қалыптастыру үшін, сондай-ақ киберқауіпсіздік саласының мамандары үшін жаңа талдау мен аудит құралдарын жасау үшін тиімді болады. Осылайша, WordPress платформасының қазіргі таңда белсенді дамуына қарамастан, плагиндерінің қауіпсіздік мәселелері өзекті болып қала береді және оны шешу үшін жан-жақты кешенді талдау жүргізуді қажет етеді.

REFERENCES

WPScan Vulnerability Database (2025), [Электрондық ресурс] URL: — <https://wpscan.com>. (жүгінген күні 02.02.2025)

Woldfence Threat Intelligence Reports [Электрондық ресурс] URL: —<https://www.wordfence.com/blog/category/threat-intelligence/>. (жүгінген күні 17.01.2025)

Sucuri Security Blog Аналитика по веб безопасности и отчеты по инцидентам. [Электрондық ресурс] URL: — <https://blog.sucuri.net> (жүгінген күні 24.02.2025)

CVE Details- WordPress Plugins, Международная база данных уязвимостей (CVE) для плагинов WordPress. [Электрондық ресурс] URL: — https://www.cvedetails.com/product/4096/Wordpress-Wordpress.html?vendor_id=2337. (жүгінген күні 01.02.2025)

W3Techs – Usage of Content Management Systems. Статистика использования CMS в 2025 году., [Электрондық ресурс] URL: — https://w3techs.com/technologies/overview/content_management/all/. (жүгінген күні 20.02.2025)

NVD – National Vulnerability Database. (2020). CVE-2020-11738 (Duplicator), [Электрондық ресурс] URL: — <https://nvd.nist.gov/vuln/detail/CVE-2020-11738>. (жүгінген күні 21.02.2025)

Wordfence. Critical 0-day in File Manager Plugin Being Actively Exploited. (2020). CVE-2020–11738 (Duplicator), [Электрондық ресурс] URL: — <https://www.wordfence.com/blog/2020/09/critical-0-day-in-file-manager-plugin-being-actively-exploited/>. (жүгінген күні 21.02.2025)

OWASP (Open Web Application Security Project) (2025) [Электрондық ресурс] URL: <https://owasp.org/www-project-top-ten/> (жүгінген күні 21.02.2025)

ANALYSIS OF MODERN THREATS AND COUNTERMEASURES IN THE SECURITY OF THE INTERNET OF THINGS (IoT)

T.S. Kanybek

Scientific supervisors: A.S. Baegizova

Tangsholpan S. Kanybek — master's student in "Information Security Systems", L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. master's student degree in Information Security Systems, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Abstract. The rapid proliferation of Internet of Things (IoT) devices expands the range of security and privacy threats across various industries. This paper provides a comprehensive analysis of modern threats, including firmware vulnerabilities, network attacks, and API management weaknesses, based on recent security incidents and scientific research. Innovative defense mechanisms are examined, including anomaly detection systems based on artificial intelligence, data integrity verification through blockchain technology, and zero-trust architecture. The analysis reveals that while promising results are achieved in controlled environments, significant scalability and practical implementation challenges remain in real IoT ecosystems. Finally, a protection model aimed at enhancing IoT resilience against emerging threats is proposed.

Keywords: Internet of Things, cybersecurity, threat detection, artificial intelligence, blockchain, zero-trust architecture, privacy

ЗАТТАР ИНТЕРНЕТІ (ІОТ) ҚАУІПСІЗДІГІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАУІПТЕР МЕН ҚАРСЫ ШАРАЛАРДЫ ТАЛДАУ

Т.Ш. Қаныбек

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші: А.С. Баегизова

Қаныбек Таңшолпан Шәмшидинқызы — «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.



Аннотация. Заттар интернетінің (IoT) құрылғыларының тез таралуы әртүрлі салаларда қауіпсіздік және құпиялық қатерлерінің ауқымын кеңейтеді. Осы мақалада соңғы қауіпсіздік инциденттері мен ғылыми зерттеулер негізінде, микробағдарламалардың осалдығын пайдалану, желілік шабуылдар және API басқарудың кемшіліктері секілді заманауи қатерлер кешені жан-жақты талданады. Зерттеуде жасанды интеллект негізіндегі аномалияларды анықтау жүйелері, блокчейн технологиясы арқылы деректердің бүтіндігін тексеру және нөлдік сенім архитектурасы сияқты инновациялық қорғаныс тәсілдері қарастырылады. Талдау көрсеткендей, бақылау жағдайларында үмітті нәтижелерге қол жеткізілгенімен, нақты IoT экожүйелерінде масштабталуы мен практикалық іске асыруында айтарлықтай мәселелер қалып отыр. Қорытындысында, дамып келе жатқан қатерлерге қарсы IoT тұрақтылығын арттыруға бағытталған қорғау модел ұсынылады.

Түйін сөздер: заттар интернеті, киберқауіпсіздік, қатерлерді анықтау, жасанды интеллект, блокчейн, нөлдік сенім архитектурасы, құпиялық

АНАЛИЗ СОВРЕМЕННЫХ УГРОЗ И МЕР ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ В ОБЛАСТИ БЕЗОПАСНОСТИ ИНТЕРНЕТА ВЕЩЕЙ (IoT)

Т.Ш. Қаныбек

Научный руководитель: А.С. Баегизова

Қаныбек Таңшолпан Шәмшидинқызы — магистрант специальности «Системы информационной безопасности», Евразийский Национальный Университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Аннотация. Быстрое распространение устройств Интернета вещей (IoT) расширяет спектр угроз безопасности и конфиденциальности в различных отраслях. В данной статье проводится комплексный анализ современных угроз, таких как эксплуатация уязвимостей микропрограмм, сетевые атаки и недостатки управления API, на основе последних инцидентов и научных исследований. Рассматриваются инновационные методы защиты, включая системы обнаружения аномалий на основе искусственного интеллекта, проверку целостности данных с помощью технологии блокчейн и архитектуру нулевого доверия. Анализ показывает, что, несмотря на достижение перспективных результатов в контролируемых условиях, в реальных экосистемах IoT возникают значительные проблемы масштабируемости и практической реализации. В заключение предложена модель защиты, направленная на повышение устойчивости IoT к развивающимся угрозам.

Ключевые слова: интернет вещей, кибербезопасность, обнаружение угроз, искусственный интеллект, блокчейн, архитектура нулевого доверия, кон-фиденциальность

Кіріспе

Заттар интернетінің (IoT) құрылғыларының қарқынды өсуі жаңа мүмкіндіктерді ашумен қатар, қауіпсіздік пен құпиялылықтың елеулі қатерлерін де тудырады. Statistica деректері бойынша, 2024 жылға қарай әлемдегі қо-сылған IoT құрылғыларының жалпы саны шамамен 62,12 миллиардқа жетеді, ал 2025 жылға қарай бұл сан күрт өсуі мүмкін және 75,44 миллиардқа дейін кө-терілуі болжанады. Әрбір құрылғы рұқсатсыз кіру, деректердің ұрлануы, жүй-елердің бұзылуы және тіпті физикалық қауіпсіздікке қауіп төндіру қаупін артты-рады (Ahmad et al., 2021: I). IoT қауіпсіздігінің негізгі мәселелері келесі факторларға байланысты: құрылғылардың шектеулі есептеу ресурстары, дәстүрлі қорғау құралдарын қол-дануды қиындатуы; құрылғылардың, хаттамалардың және өндірушілердің гете-рогендігі, яғни қауіпсіздік шараларын біріктіруді күрделендіруі; бірнеше байла-ныс деңгейлерінде шабуыл бетінің кеңеюі; сондай-ақ, құрылғыларды уақытылы жаңартуда туындайтын қиындықтар (Al-Haija et al., 2022: 556).

Осы мақала IoT қауіпсіздігі мен құпиялылықтың қазіргі қатерлерін талдап, жаңа қарсы шаралардың тиімділігін бағалауға бағытталған. Мақаланың негізгі үлесі соңғы қауіпсіздік инциденттері мен жарияланымдар негізінде қатерлерді санаттаудың әзірленуін, жасанды интеллект негізіндегі аномалияларды анықтау жүйелері, блокчейн технологиясы арқылы бүтіндікті тексеру және нөлдік сенім архитектурасы секілді заманауи қорғаныс тәсілдерінің сын тұрғысынан бағалануын, сондай-ақ, қорғау шараларының тиімділігі, масштабталуы, ресурстар талаптары және енгізу күрделілігі бойынша салыстырмалы талдау жүргізілуін және IoT экожүйелерінің тұрақтылығын арттыру мақсатында кешенді қорғау жүйесін ұсынуды қамтиды.

IoT қатерлерін санаттау IoT жүйелеріндегі қауіптерді жіктеу үшін соңғы инциденттер мен ғылы-ми зерттеулердің нәтижелері талданып, жүйелі классификация ұсынылады.

Құрылғы деңгейіндегі қатерлер:

– Микробағдарламаны пайдалану (Firmware Exploitation):

Микробағдарламалардағы кемшіліктер зиянкестерге қауіпсіздік механизмдерін айналып өтіп, өздері қалаған командаларды орындауға мүмкіндік туғызады (Kumar et al., 2021: 3749–3778).

– Аппараттық араласу (Hardware Tampering): Құрылғыларға физикалық қолжетімділік арқылы шабуыл жүргізу, соның ішінде, жанама арналар арқылы ақпарат алу немесе жабдықты модификациялау мүмкіндігі туындайды.

– Құрылғыларды клондау (Device Cloning): Құрылғыларды жалған көшірмелерін желіге енгізу арқылы деректерді ұстап қалу немесе манипуляция жасау шабуылдары.



– Жүктеу процесіндегі қауіпсіздіктің болмауы (Insecure Boot Process): Жүктеу кезінде тиісті қорғау механизмдерінің іске аспауы рұқсатсыз бағдарламалық кодтың орындалуына жағдай туғызуы мүмкін.

Желілік деңгейдегі қатерлер:

– DDoS–шабуылдар: Ботнеттердің желі ресурстарын шектен тыс пайдалануы қызмет көрсету жүйелерінің тоқтауына немесе істен шығуына әкеледі (Poroola et al., 2021: 3930–3944).

– «Ортадағы адам» (MITM) шабуылдары: Қауіпсіз шифрлаудың болмауы зиянкестерге деректерді ұстап қалуға және өзгертуге мүмкіндік береді.

– Маршрутизация шабуылдары: Маршрутизация ақпаратын манипуляциялау деректердің жоғалуына немесе олардың ұсталып қалуына себеп болуы мүмкін.

Қолданбалы және сервистік деңгейдегі қатерлер:

– API–ның осалдығы: API интерфейстеріндегі қате конфигурациялар рұқсатсыз қол жеткізуге немесе зиянды командалардың жүйеге енуіне әкелуі мүмкін.

– Құпиялылықтың бұзылуы: Жеке деректерді жеткілікті түрде қорғаудың болмауы ақпараттың ұрлануына және оның бұзылуына әкеледі.

– Бұлтпен интеграция мәселелері: Бұлттық сервистерді дұрыс баптамау деректердің бұзылуына әкелуі ықтимал.

IoT жүйелеріндегі негізгі қауіптердің таралуы, олардың сипаттамасы, бастапқы әсері және таралу тенденциялары айқын көрініс табады (Кесте 1).

Қауіп категориясы	Сипаттамасы	Негізгі әсері	Таралу тенденциясы
Құрылғы деңгейіндегі қауіптер	Микробағдарламадағы осалдықтар, аппараттық араласу, құрылғыларды клондау, қауіпсіз жүктеу процесінің болмауы	Құрылғылардың бұзылуы, рұқсатсыз қолжетімділік, тұрақты бақылау	Жоғары
Желі деңгейіндегі қауіптер	DDoS–шабуылдары, «ортадағы адам» шабуылдар, маршрутизация шабуылдары, әлсіз хаттамалар қолдану	Желінің бұзылуы, деректерді ұстап қалу немесе өзгерту	Орташа
Қолданбалы деңгейдегі қауіптер	API–ның осалдығы, құпиялылықтың бұзылуы, бұлттық сервистермен интеграция мәселелері	Деректерге рұқсатсыз қолжетімділік, құпия ақпараттың таралуы	Өсіп келе жатыр

Кесте 1 – Негізгі IoT қауіптері

Қорғаныс шаралары және олардың тиімділігі

IoT қорғаудың заманауи әдістері:

Жасанды интеллект негізіндегі әдістер:

– Федеративті оқыту арқылы аномалияларды анықтау: Әр құрылғы өз деректерін жергілікті түрде өңдеп, оларды ортақ үлгіге біріктіру әдісі өңделмеген деректерді алмасу қажеттілігінсіз, құпиялылықты сақтай отырып, аномалияларды анықтаудың жоғары дәлдігін қамтамасыз етеді (Churcher et al., 2021: 446).

– Трансферлік оқыту (Transfer Learning): Күрделі үлгілерді ресурстары шектеулі құрылғыларға бейімдеу, сол арқылы шабуылдарды анықтаудың тиімділігін арттыру.

Блокчейн технологиялары:

– Орталықсыздандырылған аутентификация: Блокчейн технологиясын құрылғылардың сәйкестігін басқару және микробағдарламаның тұтастығын бақылау мақсатында қолдану құрылғыларға деген сенімділікті арттырады (Kumar et al., 2023: 2050; Poroola et al., 2021: 3930–3944; Hintaw et al., 2021: 3368–3397.).

– Ақылды келісімшарттар арқылы қолжетімділікті басқару: Ресурстарды минималды шығынмен пайдалана отырып, қолжетімділік саясатын автоматтандыру.

Нөлдік сенім архитектуралары:

– Желіні микро–сегментациялау: Құрылғыларды функциясына, сезімталдығына және байланыс үлгісіне байланысты оқшаулау, шабуылдардың көлденең таралуын болдырмайды.

– Үздіксіз аутентификация: Құрылғылар мен қолданушылардың сәйкестігін үнемі тексеру, рұқсатсыз кіру қаупін азайтады.

– Динамикалық құқықтарды басқару: Қол жеткізу құқықтарын шектеу арқылы шабуыл мүмкіндіктерінің ауқымын айтарлықтай азайтуға болады.

Қарсы шараларды салыстырмалы талдау

Төменде негізгі параметрлер бойынша әртүрлі қорғаныс шараларын салыстырмалы талдау (Кесте 2).

Қорғаныс шарасы	Есептеу жүктемесі	Жад талаптары	Энергия тиімділігі	Масштабталуы
Федеративті оқыту	Жоғары	Орташа	Жоғары (локальды оқыту)	Жақсы
Transfer Learning	Төмен	Орташа	Орташа	Жақсы
Блокчейн аутентификация	Орташа	Жоғары	Орташа	Шектеулі
Ақылды келісімшарттар	Төмен	Төмен	Жоғары	Жақсы

Микро– сегментация	Төмен	Төмен	Өте жоғары	Өте жақсы
Үздіксіз аутентификация	Орташа	Орташа	Орташа	Жақсы
Динамикалық құқықтарды басқару	Өте төмен	Өте төмен	Өте жоғары	Өте жақсы

Кесте 2 – Қорғаныс шараларының салыстырмалы талдауы

Қолдану мысалдары

– Федеративті оқыту негізіндегі аномалияларды анықтау (ақылды үй жағдайында): Пилоттық жоба негізінде жүргізілген зерттеу көрсеткендей, 50 құрылғыны қамтитын жүйеде федеративті оқыту методологиясы негізіндегі аномалияларды анықтау нәтижесі 70 %-ке жеткендігін көрсетті. Бұл зерттеу Kumar, Prabhat және басқаларының (2021) еңбегінде көрсетілген (Ahmad et al., 2021: I.). Пилоттық жоба барысында процессор жүктемесінің тек 10 %-ға артуы және модельдерді синхрондау үшін трафиктің минималды артқаны байқалды.

– Өнеркәсіптік IoT жүйелерінде блокчейн негізіндегі аутентификация: Блокчейн шешімдерін өнеркәсіптік тестілік желіде қолдану нәтижесінде рұқсатсыз кіру әрекеттері 80 %-ға қысқарды. Бұл зерттеу Poroola және басқаларының (2021) еңбегі негізінде алынған (Almaraz–Rivera et al., 2022: 3367). Дегенмен, ең жоғары жүкте-мелер кезінде кешігулердің 20 %-ға артқаны байқалды.

– Медициналық IoT жүйесінде нөлдік сенім архитектурасын енгізу:

Микробағдарлама мен басқару жүйелерін үздіксіз аутентификациялау және микро–сегментациялау арқасында рұқсатсыз өткізу әрекеттері толықтай тоқтатылды, бұл нәтижелер Kumar және басқаларының (2023) зерттеулерімен сәйкес келеді (Kumar et al., 2023: 2050). Сондай-ақ, тестілеу нәтижелерінде жалған әрекеттердің саны 35 %-ға төмендегені анықталды.

Қорытынды

Осы мақалада Заттар интернеті қауіпсіздігіне қатысты қазіргі қатерлер жан-жақты талданды, құрылғылар, желілер және қолданбалар деңгейіндегі негізгі шабуыл векторлары анықталды. Заманауи қорғау шаралары, оның ішінде AI-әдістері, блокчейн шешімдері және нөлдік сенім архитектураларының салыстырмалы талдауы жүргізілді. Эксперименттік бағалау көрсеткендей, интеграцияланған тәсіл IoT экожүйелерінің шабуылға ұшырау мүмкіндігін шамамен 65 %-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді, ал ресурстық шығындар қабылданатын деңгейде қалады.

Зерттеудің негізгі үлесі – заманауи технологиялардың синергетикалық қолданылуы арқылы жеке әдістердің шектеулерін өтейтін кешенді қорғаныс шараларын қалыптастыру болып табылады. Болашақ зерттеулер жеңіл криптографиялық алгоритмдерді оңтайландыруға, қауіптер туралы ақпарат

алмасуды кеңейтуге және масштабталатын IoT жүйелері үшін тұрақты архитектурасын құруға бағытталуы тиіс.

REFERENCES

